

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру үйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, алемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккөр, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың осиетін тыңдауга, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, казақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сактауга, отанышылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, камқорлық пен әділдік касиеттерін жоғары ұстауга баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табигатка, табиги мұрага ұқыптылықпен қарауга және табиги ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккөрлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «карашаныра», «жеті ата», «тектілік» үғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отанышыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қоргауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, кадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгек құрмет көрсетеді, ар-ұялты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-куйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, каласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және коршаған ортага ұқыптылықпен қарайды, табигатқа жанашыр және туган жердің кайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал сәбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

Ұлттық мұдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес косу;
- Ұлттық мұрага ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын көнсейту;
- Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам иғілігі үшін қызмет ету;

- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отанышыл, мемлекетшіл және намысының
- Мемлекеттік рәміздердікадірлейді
- Елінің тарихын күрметтейді
- Ұлттық миравы, мәдениеттідәріптеїді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал сибекті күрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адаптация болу;
- Халқына адаптация қызмет ету
- Әдел нормаларын ұстану;
- Шешім кабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыйыптастарына, отбасы мүшелеріне қамкор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасынын, сыйыптың, мектептің, қоғамның, Отаның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қараідьы;
- Достарын, сыйыптастарының лайды;
- Кішіге ізет, үлкенге күрметкерсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жағананы тануғақштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифровық дағдыларды қарастыру;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату болу;
- Уақыт пен каржының тімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамактану мәдениеттің түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығынсактаиды;
- Ақпараттық, медиа жәнекаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Тұғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне колдану көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық таныткан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, отірік өлеңдер, санамактар, жаңылтпаштар мен макал-мәтелдер, жұмбактар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (үйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бебектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуендей әндер) тындалту, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін өртегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен өртегі сагаттары, «Әжемнің өртегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық кимыл-козгалыс ойындарын, спорттық кимыл-козгалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынулу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнепсихологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдаудына сәйкес болуы;
- қыска және ұзак мерзімде іске асырылатын такырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасызеттін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениеттің қалыптастырудын куралдарының бірі ретінде казак халқының макал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» еткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбакан, Айгөлек, Белдесу, Саққулак, Тымпи, Тогызкумалак т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын көңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамкорлық және табигатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насиҳаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызыгуышылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдептерін талқылауга бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- сліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрагаттарға, ұлттық парктер мен корықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялдыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насиҳаттау бойынша бастамаларына колдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындағы апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оку, спорт пен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастырын, ел тәуелсіздігін кадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы тусінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиене басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін манызды буын екендіктерін сезінүіне, отбасы алдындағы парызын, Отаң алдындағы борышын етуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғырудың маныздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқының ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сактауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруга жауапкершілікті түсіндірге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал енбекті жоғары бағалауға, енбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауда колдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рөміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, коршаган ортаға ұқынты карау рухында

тәрбиеңеүе;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, күзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шыгармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Білім беру үйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін үйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды үйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізуле сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру үйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен болімшелерінің жүртішілік және құқық корғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастырынын, қамкоршылықкеңестің өкілдерімен өзара іс-кимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сыннып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сынныпта достық ортаны, өзара түсіністікті куру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналышын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әнгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оку жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сактау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара арекеттесу;
- алтасына бір рет (дүйсенбіде) сыннып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім үйымдарының бірінші басшыларынажүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Төлеби аудандық білім белімі;
- ❖ Аудандық ішкі саясат белімі;
- ❖ Төлеби аудандық емханаасы;
- ❖ Ленгір қалалық емханаасы;
- ❖ Аудандық әлеуметтік қорғау және енбекпен қамту белімі;
- ❖ Қосымша білім беру үйымдары;
- ❖ Төлеби аудандық жергілікті полиция белімі;
- ❖ Төлеби аудандық мәдениет және спорт белімі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл агенттігі (келісімі бойынша);
- ❖ Төлеби ауданы «Жастар ресурстар орталығы»

19 оңтүстік жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық оғасы көлесіден құжаттарға сәнкес жүргізіледі:

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздығы Заны;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоксандығы № 214-IV Заны;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заны;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заны;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандығы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және гылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің 2018 жылғы 1 қазандығы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында олкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылыктарға негізделген білім беру» жобасы;
11. Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтастәрбиебағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы
12. Білім беру үйымдарында ата-аналарды педагогикалық колдау бойынша нұсқаулық, Алматы 2023
13. Орта білім беру үйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің 2016 жылғы 12 кантардағы № 18 бұйрығы.
14. Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру үйымдарында камкоршылық кеңестің жұмысын үйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына езгерістер мен толыктырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігін м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы
15. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, косымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (КР БFM 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, КР Оқу-агарту министрлігін 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген езгерістерімен)
16. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (КР Денсаулық сақтау министрлігін 05.08.2021 ж. № КР ДСМ-76 бұйрығы)
17. «Орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (КР БFM 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, КР Оқу-агарту министрлігін 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген езгерістерімен)
18. «Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің террористік түрғыдан осал объектілерді және білім және гылым саласындағы кызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды үйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(КР БFM 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)
19. «Білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық колдан отыру қағидаларын бекіту туралы» (КР БFM 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)